

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30  
EURASIAN NATIONAL  
UNIVERSITY



БГПУ  
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ  
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ  
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND  
PRACTICE»

## МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ  
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА  
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:  
НАУКА И ПРАКТИКА»  
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»  
february 26, 2026**

**Астана, 26 ақпан 2026 ж.**

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**П23**

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,  
Махадиева А.К.

**П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

**ISBN 978-601-385-193-8**

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-385-193-8**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.  
Authors are responsible for the content of their materials.

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатова Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p><b>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме</b>  <b>4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога</b>  <b>4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</b></p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабегенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

286	Есенова Н.Е. Оқыту процесіндегі рефлексияның мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы маңызы	1191
287	Жакыпбекова А.Т., Зулпукарова Д.И., Сманова Н.Т. Ценности профессиональной деятельности будущих молодых учителей	1195
288	Игибаева А.К., Акилтаева Н.К Некоторые аспекты подготовки будущего педагога в условиях вызовов современного социума	1199
289	Асылбекова М.П., Таңатарқызы Г. Болашақ педагог-психологтердің метақұзіреттілігін дамытудың теориялық негіздері	1204
290	Койшыманова А.М., Атемова К.Т. Цифрлық трансформация жағдайында педагог-психологтарды оқушылардың мобильдік тәуелділігін алдын алуға даярлау	1208
291	Шакаримова К.К., Сламбекова Т.С., Хасан А Цифрландыру дәуіріндегі болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі: ғылыми-теориялық аспектілері	1212
292	Toleubekova R.K., Talpakova M.Z. Formation of corporate competencies of teachers based on a value approach to professional development	1219
293	Сламбекова Т.С., Байсарина Ж.С. Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау	1224
296	Нұрқасымова С.Н., Толекенова Л.А., Нұрланқызы Г. Сараланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыру	1229
297	Айкинбаева Г.Қ., Таукибаева Ш.Ж., Жылқыбаев К.Д., Шериязданов Б.Р. Жеке тұлғаның дамуына ұлттық құндылықтар мен дәстүрдің әсері	1235
298	Ботабаева А. Е., Қажатбек С. Оқушылардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін дамытудың маңыздылығы	1240
299	Истомина Н.С. Интеграция ценностей программы «Адал азамат» в профессиональную деятельность педагога	1243
300	Шангереева С.А., Албытова Н.П. Аксиологические основы профессионального развития будущих педагогов в высшем образовании	1247
301	Торebaева Г.Р., Бельгибаева Г.К., Yucel Gelislli Педагогикалық колледждің білім беру жүйесінде геймификация технологиясын қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	1254
302	Албытова Н.П. Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында оқытушының кәсіби бірегейлігін құндылық-мағыналық реттеу	1260
303	Шолпанқұлова Г.К., Ақын А.К. Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттары	1264
304	Ахунова У.О. Музыка как инструмент формирования эмоциональной и социальной компетентности учащихся	1269

305	Нұралы С., Фейзулдаева С.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі	1272
306	Темірхан А.Е., Мухметова Р.Ж. Оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы smart мақсаттардың рөлі	1276
307	Кишибаева Д.Ж., Оңғарбаева Ж. Педагогтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы	1279
308	Polatova A.N., Mamurbekova Z.U. Future perspectives of scientific research in the field of higher education	1284
309	Абдалинова А.Б. Воспитание патриотизма учащихся через внеурочную деятельность: педагогико-психологические основы и практические подходы	1288
310	Темирханова К.Ш. Когнитивтік әдістер – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын дамытудың құралы	1292
311	Байменова Б.С., Медей М. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту	1294
312	Кадырова Ж.Д. Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы құндылыққа негізделген кәсіби бағдардың рөлі	1298
313	Ибрайханова А.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқырмандық сауаттылығын қалыптастыруда отбасымен жұмыс істеуге даярлаудың әдістемелік жүйесі	1303
314	Нұрланқызы Д. Жеткіншек жастағы оқушылардың қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының ерекшеліктері	1306
315	Кәрімова А.Е. Ғылымаралық коммуникация жағдайындағы жоғары мектеп педагогикасы: қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары	1311
316	Загородская В.С., Мичирова Р.Р. Ценностный подход в педагогическом сопровождении классных руководителей как условие профилактики конфликтов среди обучающихся	1319
317	Темиргалиева А.Б. Аксиологический вектор цифровизации начального образования: развитие профессиональной компетентности педагога-эксперта	1323
318	Байзакова З.Е. Мектеп жасына дейінгі балаларда еңбек әрекеті арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру	1326
319	Серік М. Мектеп жасына дейінгі балалардағы буллингке әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлар	1330
320	Lyu Y. A value-based approach to the professional development of the modern physical education teacher	1334
321	Abiltayeva A. An axiological approach to the development of environmental competencies of students of pedagogical fields	1339
322	Төреханова Е.С. Мұғалімнің эмоционалдық интеллекті және көшбасшылық қабілеті	1342

323	Абдуллаева Г.С., Баймұрза А.А. Музыка сабақтарында жасанды интеллектті қолдана отырып, оқушылардың эстетикалық және эмоционалдық құндылықтарын арттыру	1346
324	Айдархан М.А., Халикова Н.С. Жыраулар поэзиясын оқытуда герменевтикалық талдауға үйретудің тиімді жолдары	1349
325	Айдарханова Н.Т. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагог тұлғасының кәсіби дамуының өзектілігі	1353
326	Мағзумова З.Н. Жаһандық педагогикалық трендтер контекстінде болашақ мектеп директорларының көшбасшылық дағдыларын дамыту	1357
327	Муханбеткалиева М.Т. Цифрлық білім беру ортасында жасөспірімдердің құндылық бағдарын дамыту: жасанды интеллект мүмкіндіктері	1363
328	Есимова А.Б. Балалар арасында буллингтің алдын алу жолдары	1368
329	Рүстембекова А.Ғ. Әдебиеттік оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының гуманистік қарым-қатынас мәдениетін дамыту	1372
330	Тажединова А.Д. Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары	1377
331	Әскербек А.Қ., Мурзина С.А. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы мұғалімнің кәсіби рөлі мен педагогикалық құзыреттілігі	1381
332	Бекзат А.Б., Ералин Қ.Е., Саймбетова Ж.Т. Кәсіби дизайнерлердің мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы этнодизайн қағидаттарының рөлі	1385
333	Шалабаева Ж.С., Ережепова Б.Т., Серикханқызы А., Сұлтанқызы Р.А., Қайратқызы Д. Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында топтық жұмыс арқылы ынтымақтастығын қалыптастыру ерекшеліктері	1389
334	Гафиятуллина Н.Б. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к профилактической работе с младшими школьниками	1393
335	Куандыкова Э.К., Глеубергенова К.А. Карменова Н.Н., Зиявдинова А. К. Сравнительный анализ отечественного и российского опыта практической направленности школьной географии	1397
336	Данабекова Д.А., Ақитбаева Н.К. Психолого-педагогические подходы к интеграции обучения в системе школьного образования РК	1402
337	Дауенова М., Ақитбаева Н.К. Қазіргі жағдайда жасөспірім тұлғасының дамуына элеуметтік-мәдени ортаның әсері	1407
338	Сералы Ә.Е., Ильясова Г.У. Химия пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру	1411
339	Сағындықова А.Т., Есмаханова Г.А.	

	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыруда ертегі терапиясының маңызы	1416
340	Уайсова К.Т. Болашақ бастауыш білім педагогтерін театрландыру әдістері негізінде оқушыларды оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары	1420
341	Медеубаева К.Т., Сейтенова С.С. Инновациялық білім беру жағдайында студенттердің күзiреттiлiгi мен оқу мотивациясын дамытуға геймификацияның ықпалы	1425
342	Мурсалиева А.К. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мотивациясын ынталандыру және басқару	1429
343	Алимулова А.С. Дене тәрбиесінде волейболдың маңызы	1434
344	Zhamalbek A. Ethical and legal boundaries of pedagogical discourse: mechanisms for preventing aggressive speech acts as the foundation of a teacher's professional culture	1438
345	Есеналиева Н. Химия сабақтарында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі	1441
346	Жұмабек Ұ.Ә., Убайдулла Ж.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту	1446
347	Таурбекова А.С. Болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға даярлау	1450
348	Атышева Б.Б., Zhalel A. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық құзыреттілігін экологиялық ойлаумен ұштастыра дамыту жолдары	1455
349	Ахмаджанова Д.С. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды қолданудың маңызы	1459
350	Кожгельдиева С.С., Қожабаева А.А. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау ерекшеліктері	1465
351	Сейтова Ж.Ә. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік интеллектісін қалыптастыру	1472
352	Абдрасилова Г.Л., Атемова К.Т. Оқушылар прокрастинациясының алдын-алу: педагог-психолог даярлығындағы құндылықтық басымдық ретінде	1479
353	Асантаева Ұ.С. Балалардың музыкалық білімін бағалаудың тиімділігі	1484
354	Булатбаева А.Ә., Иманбекова Б.І., Болатов А.М Білім беру ұйымдарында суицидтің алдын алуды ұйымдастырудағы жүйелі тұғыр	1488
355	Әшірбай А.С. Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме: жүсіп баласағұн идеялары негізінде	1493
356	Жаныбекова Л.Т., Жаныбекова Р.Т., Қайырбосынқызы Ә. Влияние изучения иностранного языка на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста	1497
357	Боранбаева Г.Н.	

	Диалог поколений: трансформация ценностных ориентаций молодых учителей и опытных наставников	1501
358	Искакова Д.А. Жеткіншектер арасындағы буллингті алдын алудағы әлеуметтік педагогтың рөлі	1506
359	Касымбекова А. Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	1510
360	Дарбаева Г.Қ. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуындағы психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы	1515
361	Утеубаева Н.А. Формирование языковой личности современного студента в многоязычной образовательной среде: ценностный и социолингвистический аспекты	1520
362	Узакбаева А.Т., Текеев И., Рахимжанова Л.Б. Методические принципы и педагогические условия адаптивного обучения на основе интерактивного веб-приложения	1524
363	Мускина А.Н. Жас педагогтің кәсіби дамуының құндылықтық бағдарлары	1529
364	Азимов К.Э. Педагогические возможности предмета «начальная допризывная подготовка» в формировании у учащихся чувства патриотизма в условиях образования, основанного на ценностях	1534
365	Мұратқызы А. Болашақ педагогтердің кәсіби дамуында құндылық бағдарларын қалыптастыру	1539
366	Байназарова А.Б. Бала тұлғасының әлеуметтік бейімделуі отбасы тәрбиесі жағдайында	1544
367	Абенев Н.Н., Махамбетова Ж.Т. Жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі	1549
368	Аметхан Ж. Зар заман поэзиясын оқытудың тиімді әдістері	1554
369	Сайманова П.С. Оқушылардың психологиялық резиленттілігін дамытуға болашақ педагог-психологтерді даярлаудың теориялық негіздері	1559
370	Кулымбаева А.К., Нуркасинова Л.М. Білім берудегі лидерліктің құндылығы және оның қалыптасу механизмдері	1564
371	Қонысбаев Қ.Б., Жандилдина Р.Е. Дене тәрбиесінде баланың жеке тұлға қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жақтары	1568
372	Курбанов А.С., Ағабек Т.С. Қазақ тілі сабақтарында әдеби мәтін мен лингвистикалық талдауды кіріктіре оқытудың тиімділігі	1572
373	Курманова С.Б., Абдрахманова Р.Р., Литовченко А.Р. Культура клипового мышления: деградация или новая форма разума?	1575
374	Курманова С.Б., Нұрғожа А.Б., Еркінқызы М Критическое мышление как условие модернизации общественного сознания в Республике Казахстан	1580

375	Сулейменова А.М. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің цифрлық трансформация жағдайындағы кәсіби рөлі	1584
376	Чакенова Б.А. Халықаралық тәжірибе контексінде қазақ дәрігерлерінің ағартушылық бастамалары	1587
377	Кабылбекова Л.Б., Байдалиев Д.Д. Мектеп географиясында табиғи қауіптерді оқыту арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	1592
378	Адаменко А.В. Диагностика уровня сформированности экологической культуры студентов	1597
379	Джанабаяев К.Т., Жанабай А.А., Тұрысбек Ж.Ө. Әскери-патриоттық клуб жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктері	1600
380	Жолдасбаева Т.Ә. Қазіргі білім беру жағдайында ер балалардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері	1604
381	Хачетлов К.А., Хачетлова С.М. Современные тренды в патриотическом воспитании через технологии ИИ	1607
382	Қабен Н.Ғ., Бәйдірова С.С., Ақылбекова Э.А. Бастауыш сынып оқушыларына этномәдени негіздегі патриоттық тәрбие беру	1610
383	Джабиева М.Х., Ермаков Д.С., Амантай Ж.А. Персонализированное образование: проблемы и решения (На примере учебного модуля «педагог: профессия и личность»)	1613
384	Менлибекова Г.Ж., Ниязова Г.Б. Качество образования как целевые ориентиры образовательной программы	1616
385	Асылбекова М.П., Таукелова А.Е. Цифрлық орта жағдайында студенттердің мәдени құндылықтарын дамытудың маңыздылығы	1622
386	Жумабекова Ф.Н. Цифрлық дәуірдегі заманауи педагог мамандарды даярлаудағы құндылықтарға бағдарланған тәсілдеме	1626
387	Махадиева А.К. Формирование позитивного самоотношения будущих социальных педагогов средствами активных методов обучения	1630
388	Бурдесбекова У.И. Менталды денсаулықтың көп аспектілігі мен зерттелу жолдары	1633
389	Сарипбекова А.Т. Теоретические подходы к изучению партисипативной готовности будущих педагогов	1637
390	Жандосқызы А., Кошанова М.Т. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен толеранттылық: болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығындағы интеграция	1640

**ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ  
ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН КӘСІБИ БАҒДАРДЫҢ РӨЛІ****Кадырова Жанель Дарыновна**

7M01801 - «Әлеуметтік педагогика», 1 курс магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Муталиева Ардак Шагаевна

Доцент м.а., Педагогика ғылымдарының кандидаты

[kadyrovazhanel226@gmail.com](mailto:kadyrovazhanel226@gmail.com)

**Аннотация.** Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы құндылыққа негізделген кәсіби бағдар берудің рөлі қарастырылады. Қазіргі BANI дәуірінде кәсіби таңдау тек мамандық таңдаумен шектелмей, тұлғаның өмірлік жобасын саналы түрде қалыптастыру үдерісіне айналып отыр. Зерттеуде құндылықтық бағдарлар жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі айқындауының өзегі ретінде талданады. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері негізінде құндылықтардың құрылымы, олардың мансаптық бейімделгіштікке, кәсіби шешім қабылдауға және өмірлік қанағаттануға ықпалы сараланады. Сонымен қатар, Қазақстанның білім беру жүйесіндегі құндылықтық парадигмаға көшу үрдісі, институционалдық бастамалар мен стратегиялық реформалар аясында сипатталады. Зерттеу нәтижелері құндылыққа негізделген кәсіби бағдар беру жоғары сынып оқушыларының кәсіби айқындылығын арттырып, тұлғалық тұтастығын, моральдық жауапкершілігін және әлеуметтік бейімделгіштігін қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді.

**Annotation.** This article examines the role of value-based career guidance in the personal development of high school students. In the context of the BANI era, career choice extends beyond a technical selection of an occupation and becomes a process of conscious life design. Drawing on international and national research, the study conceptualizes value orientations as a core component of adolescents' professional self-determination. The paper analyzes the structure of values and their influence on career adaptability, decision-making, and long-term well-being. It also reviews Kazakhstan's transition toward a value-based educational paradigm, highlighting institutional reforms and strategic initiatives aimed at fostering professional mobility and moral agency among students. The findings indicate that value-enriched career guidance enhances students' career decidedness, personal integrity, and social resilience in a rapidly changing world.

**Түйін сөздер:** құндылық; кәсіби бағдар беру; тұлғалық даму; жоғары сынып оқушылары; кәсіби өзін-өзі айқындау; мансаптық бейімделгіштік; BANI дәуірі; білім беру парадигмасы.

**Keywords:** value orientations; career guidance; personal development; high school students; professional self-determination; career adaptability; BANI era; educational paradigm.

**Кіріспе**

Қазіргі кезең BANI (осалдық, мазасыздық, бір ізділіктің жоқтығы және түсініксіздік) дәуірі ретінде сипатталады. Осындай жағдайда жоғары сынып оқушылары үшін кәсіби жолды таңдау жай ғана мамандық іздеумен шектелмей, өмірді саналы түрде жобалау үдерісіне айналып отыр [1]. Кәсіби бағдар беру дәстүрлі «мамандық таңдау» шеңберінен шығып, тұлғалық дамудың маңызды құралы ретінде жаңаша мазмұнға ие болып жатыр. Бұл үдерісте негізгі орын құндылыққа сай бағдарларға беріледі, себебі олар жасөспірімнің өмірлік мақсаттарын айқындап, болашақ кәсіби траекториясын саналы түрде қалыптастыруына негіз болады [2]. Осы контексте кәсіби бағдар беру мамандық таңдаудың таза техникалық рәсімі болудан қалып, тұлғалық дамудың маңызды факторы ретінде қайта қарастырылады. Бұл үдерісте білім алушының құндылыққа негізделген бағдарлары шешуші рөл атқарады. Жасөспірімдік шақтың жоғары кезеңі тұлғаның құндылыққа сай саласын қалыптастыруға аса сезімтал (сензитивті) кезең [3]. Ғылыми зерттеулер жасөспірімдердің кәсіби таңдаулары олардың құндылықтар жүйесімен тікелей байланысты екенін дәлелдейді: тұлғааралық қарым-қатынастың маңыздылығынан бастап, іс-әрекеттегі тиімділікке ұмтылыс пен әлемді эстетикалық тұрғыда қабылдауға дейін.

Елімізде және әлемде болып жатқан елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қоғамдағы бірқатар адамгершілік және мәдени құндылықтар мен бағдарлардың қайта қаралуын, дүниетанымдық ұстанымдардың жаңаруын талап ететінін көрсетеді. Құндылықтық бағдарлар тұлғаның жетекші сипаттамаларының бірі болып табылады және

қоғам дамуының ерекшеліктерін, өзінің әлеуметтік ортасын, сондай-ақ жеке «Менінің» мәнін тұлғаның өзіндік тануының ерекше формасы ретінде көрініс табады. Құндылықтық бағдарлар тұлғаның дүниетанымын айқындап, мінез-құлық реттеушісі қызметін атқарады әрі адам әрекетінің барлық салаларында байқалады

Тұлғаның дүниетанымын қалыптастырып, қоршаған шындыққа белсенді қатынас орнатуына ықпал ететін тұрақты құрылым ретінде құндылықтық бағдарларды қалыптастыру үшін ең қолайлы кезең – жоғары сынып жасы. Себебі қазіргі жасөспірімдер – болашақтың иелері, ал олардың таңдаған құндылықтары сол болашақтың мазмұнын айқындайды.

Осыған байланысты мектептегі білім беру үдерісі оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп, түлектердің өз алдына мақсат қоя білуіне және оған қол жеткізуіне, әртүрлі өмірлік жағдаяттарда бағдар таба алуына мүмкіндік жасауы тиіс [4]. Демек, әрбір оқушының тұлғалық және кәсіби өзін-өзі айқындау субъектісі ретінде қалыптасу мәселесі алдыңғы қатарға шығады.

Көптеген әлеуметтанулық және психологиялық зерттеулер құндылықтық бағдарлардың тұлғаның кәсіби өзін-өзі айқындауындағы маңызды рөлін дәлелдейді [5]. Осыған орай, жоғары сынып жасындағы жасөспірімдердің құндылықтық бағдарлары мен кәсіби бағыттылығын қалыптастыруды зерттеу, сондай-ақ олардың тұлғалық және кәсіби өзін-өзі айқындауын дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу өзекті ғылыми мәселе. Құндылыққа бағдарланған тәсіл ерекше маңызға ие, себебі ол кәсіби бағдар беру қызметіне рухани, мәдени және этикалық қырларды кіріктіреді [6]. Сонымен қатар, жүйелі түрде ұйымдастырылған кәсіби бағдар беру жұмысы ұзақмерзімді нәтижелер береді: ол тек колледждер мен жоғары оқу орындарына табысты түсуге ғана емес, сонымен бірге ересек жастағы әл-ауқат пен табыс деңгейіне де ықпал етеді. Осылайша, құндылыққа негізделген кәсіби бағдар берудің рөлін зерттеу қазіргі мектептің міндеттерін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Мұнда мансапқа даярлау тәуелсіз, рухани саналы және әлеуметтік тұрғыда табысты тұлғаны тәрбиелеудің ажырамас бөлігіне айналады [7].

### **Негізгі бөлім:**

Құндылықтар – эмоциялық тұрғыдан бекіген сенімдер ретінде анықталады; олар қалаулы мақсаттарға бағыттталып, мінез-құлықты ынталандырады және нақты жағдаяттар шегінен асып түседі. Shalom H. Schwartz ұсынған Негізгі құндылықтар теориясы мәдениеттер арасында танылатын, мотивациялық тұрғыдан өзара ажыратылатын он негізгі құндылықты (мысалы, жетістік, қайырымдылық, дербестік) айқындайды. Бұл құндылықтар шеңберлік құрылым түзеді: көршілес құндылықтар мотивациялық жағынан үйлесімді, ал бір-біріне қарама-қарсы орналасқандары өзара қайшылыққа түседі [8].

Қазіргі мансап теориясында құндылықтар мәселесі кәсіби дамудың өзекті әрі кешенді факторы ретінде қарастырылады. Зерттеушілер құндылықтарды тек жеке тұлғалық сипат ретінде емес, мансаптық таңдау, кәсіби қанағаттану және өмірлік мағына қалыптастырудың іргелі негізі ретінде талдайды. Marc Verhoeve XXI ғасыр жағдайында «мансап», «даму кезеңдері» және «жұмыс» ұғымдарын қайта қарастыру қажеттігін атап көрсетеді. Оның пікірінше, құндылықтар мен қызығушылықтар «тұтас мансап» (жұмыс, отбасы, руханилық және жеке кеңістік) тұжырымдамасының барлық құрамдас бөліктеріне таралуы тиіс. Мұндай кешенді тәсіл тұлғаның кәсіби бірегейлігін тұрақтандырып, оны сыртқы өзгерістерге төзімді етеді [9].

Құндылықтардың мазмұндық анықтамасын Duane Brown сенімдер жүйесі ретінде сипаттайды: олар тұлғаның қалай әрекет етуі тиіс екендігіне қатысты ішкі стандарттар қызметін атқарады. Автордың пайымдауынша, жоғары басымдыққа ие еңбек құндылықтары мансаптық таңдаудың негізгі детерминанттары болып табылады және өмірлік рөлдерден қанағаттану алудың маңызды шарты саналады [10].

Постмодернистік мансап теориясы аясында Mark Savickas қызығушылықтар мен құндылықтарды туа біткен тұрақты қасиеттер емес, әлеуметтік тұрғыдан бірлесіп құрастырылатын сенімдер ретінде қарастырады. Оның тұжырымдауынша, «мансаптық

тақырып» – яғни құндылықтардың тұлғалық мағынасы – адамның кәсіби өмірбаянына біртұтастық пен мән береді [11].

Жоғары білім беру контексінде Hazel Messenger негізгі құндылықтардың өзара байланысын интеграцияланған педагогикалық модельдің іргетасы ретінде сипаттайды. Автор білім беру үдерісі тек құралдық дағдыларды қалыптастырумен шектелмей, «тұлғаның дамуына» – сыни ойлайтын, білімді субъектіні қалыптастыруға бағытталуы тиіс деп пайымдайды [11].

Жасөспірімдердің кәсіби шешім қабылдауындағы құндылықтардың ролін Tuuir Riba және Kakali Goswami зерттеген. Авторлар құндылықтық өзіндік сананы мансаптық айқындықтың маңызды болжаушысы ретінде қарастырады [12].

Мәдени контекст ықпалын Hoda Vaziri және әріптестері талдап, мәдени құндылықтарды «сананың ұжымдық бағдарламалануы» ретінде сипаттайды. Олар мансаптық табыс түсінігі мәдени ортаға тәуелді екенін және ұйымдар қызметкерлердің мәдени құндылықтарына сәйкес келетін ынталандыру жүйелерін қалыптастыруы қажет екенін алға тартады [13].

Жалпы алғанда, талданған еңбектер құндылықтарды тұлғаның кәсіби дамуының өзегі ретінде қарастырады. Олар мансаптық бағдар беру тәжірибесінде тесттік немесе құралдық тәсілдермен шектелмей, тұлғаның құндылықтық жүйесін, мәдени контекстін және өмірлік мағыналық құрылымдарын ескеретін кешенді парадигмаға көшу қажеттігін негіздейді

Қазіргі мансап теориясы баллдық көрсеткіштерге негізделген дәстүрлі кәсіби бағдар беруден постмодернистік Career Construction Theory (CCT) теориясына қарай эволюцияланды. CCT өмірбаяндық әңгімелерге сүйеніп, адамның мансапты әлеуметтік құрылымдау арқылы қалыптастыратынын алға тартады. Бұл тұрғыда адамдар шынайылықтың өзін емес, оның интерпретациялық бейнесін жасайды деп пайымдалады [14].

Осы теория аясында тұлғаның «өзіндік қызметі» үш қырынан қарастырылады:

Әлеуметтік актор (Social Actor) – ата-аналар мен рөлдік үлгілер арқылы мінез-құлықтық бейімділіктерді қалыптастыру;

Ынталанған агент (Motivated Agent) – қоршаған ортаға бейімделуді бағыттайтын мақсаттар мен жоспарларды жүзеге асыру;

Өмірбаяндық автор (Autobiographical Author) – әрекеттер мен агенттікті біртұтас өмірлік баяндауға және мансаптық тақырыпқа біріктіру.

Мансаптық табыс туралы түсініктер айтарлықтай әртүрлі және ұлттық мәдени құндылықтармен тығыз байланысты. GLOBE Project өлшемдеріне сүйенген зерттеулер мыналарды көрсетеді:

- Нәтижеге бағдарланған мәдениеттер (болашаққа және өнімділікке жоғары бағдарланған) табысты жалақы, қызметтік өсу сияқты жетістікке негізделген көрсеткіштер арқылы анықтайды;

- Әлеуметтік қолдауға бағдарланған мәдениеттер (гуманистік бағдар мен гендерлік теңдік деңгейі жоғары) тұлғашылық нәтижелерге – жеке даму, жұмыс пен өмір теңгерімі, қанағаттану – басымдық береді [15].

Күрделі әрі өзара байланысқан жаһандық кеңістікте этика мансаптық кеңес берудің «өзегі» болып қала береді. Айқын этикалық стандарттар болғанымен, күрделі кәсіби мәселелерді шешу көбінесе кеңесшінің ішкілендірілген құндылықтарына, моральдық ұстанымдарына және тұлғалық қасиеттеріне – эмпатия, адалдық, парасаттылыққа – тәуелді.

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі құндылықтық парадигмаға көшу: қазіргі жағдайына шолу

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі соңғы жылдары тұлғаның жан-жақты дамуын басымдыққа қоятын құндылықтық парадигмаға бағыт алууда. Бұл үдеріс кәсіби бағдар берудің дәстүрлі «трансляциялық» (ақпарат жеткізуге негізделген) моделінен «дамытушы» модельге көшуімен сипатталады. Жаңа тәсіл жоғары сынып оқушыларының

кәсіби мобильділігін, бәсекеге қабілеттілігін және моральдық агенттігін қалыптастыруға бағытталған [16].

Бұл талдаудың негізі кейінгі жылдары жасалған тың еңбектердің бірі, Қазақстандық зерттеушілердің баяндамалары негізінде жинақталып, сарапталды.

### **1. Институционалдандыру және стратегиялық бастамалар**

Қазақстанда мектеп деңгейінде кәсіби өзін-өзі айқындауды ерте кезеңнен қамтамасыз ету мақсатында «педагог-профориентатор» институты ресми түрде енгізілді. Бұл бағыт ауқымды мемлекеттік жобалармен қолдау табуға.

#### **«Адал Азамат» бағдарламасы (2025)**

«Адал Азамат» бағдарламасы педагогтарды оқушылардың ұлттық бірегейлігін, адалдық пен азаматтық жауапкершілігін қалыптастыратын негізгі моральдық агенттер ретінде қарастырады. Бағдарлама кәсіби таңдауды тек экономикалық емес, сонымен қатар құндылықтық және азаматтық өлшемдермен ұштастыруды көздейді.

#### **Бейіндік сыныптар**

2025–2026 оқу жылынан бастап 9–11 сынып оқушыларына арналған 1000 бейіндік сынып ашу жоспарлануда. Бұл сыныптар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ауыл шаруашылығы, медицина сияқты өңірлік еңбек тапшылығы байқалатын бағыттарға бағдарланған. Мұнда кәсіби диагностика элементтері енгізіліп, оқушылардың қабілеттері мен еңбек нарығының сұранысы сәйкестендіріледі.

#### **«Педагог мәртебесі туралы» Заң (2019)**

Қазақстан Республикасының "Педагог мәртебесі туралы" Заңы педагогтардың кәсіби уәждемесін арттыруға және олардың әлеуметтік рөлін күшейтуге құқықтық негіз қалыптастырды. Бұл құжат мұғалімдердің кәсіби бірегейлігін қоғамның құндылықтық күтулерімен үйлестіруге бағытталған.

### **2. Қазақстандық жастардың құндылықтар иерархиясы**

Зерттеулер қазақстандық жастардың құндылықтық әлеуеті жоғары екенін, алайда олардың мотивациясы көбіне прагматикалық және рационалды сипатта болатынын көрсетеді.

- **Басты құндылықтар:** COVID-19 пандемиясынан кейін жастардың өмірлік басымдықтары қайта қаралып, Отбасы (60,9%) мен Денсаулық (14,1%) жетекші орынға шыққан. Мансап (9,5%) үшінші орында тұр.

- **Рационалды уәждеме:** Жоғары сынып оқушыларының 64,1%-ы жоғары табысқа қол

жеткізуді негізгі мақсат ретінде қарастырады. Сонымен қатар кәсіби бедел мен таңдалған білім беру ұйымының репутациясы маңызды фактор болып отыр.

- **Жоғары білімнің маңыздылығы:** Жастардың 47%-дан астамы жоғары оқу орнын бітіруді өмірлік табыстың және өзін-өзі жүзеге асырудың басты шарты ретінде бағалайды.

Бұл деректер студенттердің құндылықтық құрылымында әлеуметтік-мәдени дәстүрлер мен нарықтық рационализмнің қатар көрініс табатынын көрсетеді.

### **3. Өзіндік сана және тұлғалық даму**

Қазіргі педагогикалық зерттеулер тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін «педагогикалық үлгіні» айқындайды. Ол сенімге негізделген орта құруды, тәжірибе қауымдастығын қалыптастыруды және белсенді интеллектуалдық сын-қатерлерді қамтиды.

- **Мансаптық айқындықты болжау:** Орталық Азия контекстінде жүргізілген эмпирикалық

зерттеулер өзіндік сананың (өзінің күшті және әлсіз жақтарын түсіну) мансаптық шешімділікпен оң корреляциясын анықтаған. Өзін жақсы танытын оқушылар саналы әрі негізделген шешім қабылдауға бейім.

- **Мәдени төзімділік:** Батыс елдеріндегі құрдастарымен салыстырғанда, қазақстандық

жастар дағдарыс кезеңдерінде білімге деген оң көзқарасын сақтаған. Бұл құбылыс дәстүрлі мәдени бағдарлармен, яғни «тіршілік құндылықтарын» және туыстық байланыстарды жоғары бағалаумен түсіндіріледі.

### **Қорытынды**

Жүргізілген талдау құндылыққа негізделген кәсіби бағдар беру жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуы мен кәсіби өзін-өзі айқындауында шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық трансформация жағдайында мансаптық дайындық тек еңбек нарығына бейімделу үдерісі ретінде емес, тұлғаның өмірлік мағынасы мен құндылықтық тұтастығын қалыптастыру тетігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Педагогтер мен мұғалімдерді құндылыққа негізделген кәсіби бағдар беру әдіснамасына жүйелі түрде оқыту – аталған реформаның табысты жүзеге асуының басты шарты. Мұндай даярлық тек теориялық білім берумен шектелмей, практикалық құралдармен, рефлексивтік әдістермен, коучинг және менторлық технологияларымен толықтырылуы қажет. Сонымен қатар, педагогтердің өз құндылықтық ұстанымдарын кәсіби қызметпен үйлестіруіне жағдай жасау, мектеп ішінде қолдаушы әрі сенімге негізделген педагогикалық орта қалыптастыру маңызды.

Құндылыққа бағдарланған тәсілді үздіксіз әрі жүйелі қолдану ғана тұрақты нәтижеге жеткізеді. Бір реттік іс-шаралар немесе формалды тренингтер ұзақмерзімді әсер бермейді. Ал білім беру үдерісінің барлық деңгейлерінде (оқу мазмұны, тәрбие жұмысы, кәсіби диагностика, ата-анамен серіктестік) құндылықтық компонентті тұрақты енгізу оқушылардың кәсіби айқындылығын арттырып, мансаптық бейімделгіштігін («concern», «control», «curiosity», «confidence») дамытуға мүмкіндік береді [17].

### **Пайдаланған дереккөздер тізімі**

1. Efendi M. Y., Distira R. P. A. Development of Islamic value-based career guidance modules and interactive multimedia to improve students' career maturity // *Qalamuna: Jurnal Pendidikan, Sosial, Dan Agama*, 2024. – Vol. 16. – No2. – P. 1369–1384.
2. Maree J. G. Group career construction counseling: A mixed-methods intervention study with high school students // *The Career Development Quarterly*, 2019. – Vol. 67. – No1. – P. 47–61.
3. Renée L. The long-term effects of career guidance in high school and student financial aid: Evidence from a randomized experiment // *Working paper*. – Université de Montréal, 2024.
4. Ниже представлен список литературы, оформленный в соответствии с вашим запросом на основе предоставленных источников:
5. Busque-Carrier M., Ratelle C. F., Le Corff Y. Work Values and Job Satisfaction: The Mediating Role of Basic Psychological Needs at Work// *Journal of Career Development*, 2021. - Vol. 0(0). - С. 1–16.
6. Porfeli E. J. Work values system development during adolescence// *Journal of Vocational Behavior*, 2007. -Vol. 70. -No1. - С. 42–60.
7. Zytowski D. G. A Super Contribution to Vocational Theory: Work Values// *The Career Development Quarterly*, 1994. -Vol. 43. - С. 25–31.
8. Schwartz S. H. An Overview of the Schwartz Theory of Basic Values// *Online Readings in Psychology and Culture*, 2012. -Vol. 2. -No1.
9. Ajagbawa H. O. The Role of Ethics in Career Counselling in the 21st Century// *IOSR Journal Of Humanities And Social Science (IOSR-JHSS)*, 2014. -Vol. 19. -Issue 5. - С. 12–22.
10. Verhoeve M. A Look at Donald Super's Stages of Career Development in the 21st Century// *The Bulletin (CERIC)*, 2003. -Vol. Spring.
11. Savickas M. L. Career Construction Theory and Counseling Model// In S. D. Brown & R. W. Lent (Eds), *Career development and counseling*, 2021. - С. 165–199.

12. Brown D. Values-Based Theory Career Guidance// Career Development and Counseling, 2002.
13. Утева К. Ж. Значение развития ценностей в сознании подростков// Scientific Journal of Pedagogy and Economics (Вестник НАН РК), 2023. -Vol. 404. -№4. - С. 291–303.
14. Нурымбетов Е. Ш. Социо-профессиональная идентификация учителя: социологический анализ: аннотация к диссертации (PhD)// КазНУ им. аль-Фараби, 2023.
15. НАО им. И. Алтынсарина. Адаптация и валидация методик профориентации: методические рекомендации// Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2025. - С. 1–1219.
16. Рашевская А. Тысячу профильных классов откроют в школах Казахстана для профориентации// inAstana, 2025.
17. Министерство просвещения РК. Впервые в Казахстане официально закреплена должность «педагог-профориентатор»// GOV.KZ, 2025.

## МРНТИ 14.25.09

### БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОТБАСЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

**Ибрайханова Алуа Ермуратовна**

[ibraikhanovaalua@gmail.com](mailto:ibraikhanovaalua@gmail.com)

3 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

**Түйіндеме.** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық сауаттылығын арттырудағы мектеп пен отбасының өзара іс-қимылының маңызы қарастырылған. Зерттеудің өзектілігі болашақ педагогтардың ата-аналармен нәтижелі коммуникация орнатуға және оларды оқу үдерісіне тартуға кәсіби даярлығының қажеттілігімен негізделді. Болашақ мұғалімдерді даярлаудың мақсаттық, мазмұндық және технологиялық компоненттерін қамтитын әдістемелік жүйесін ұсынады. Бұл жүйенің өзегі ретінде "Мұғалім-бала-ата-ана" ынтымақтастығына негізделген «Кітап калейдоскопы» кешенді бағдарламасы сипатталады. Зерттеу нәтижелері ұсынылған модельдің болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттырудағы тиімділігін айқындайды.

**Түйін сөздер:** оқырмандық сауаттылық, болашақ мұғалімдерді даярлау, отбасымен жұмыс, әдістемелік жүйе, бастауыш білім беру, ынтымақтастық.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается значимость взаимодействия школы и семьи в повышении читательской грамотности учащихся младших классов. Актуальность исследования обоснована необходимостью профессиональной подготовки будущих педагогов к выстраиванию продуктивной коммуникации с родителями и их вовлечению в образовательный процесс. Автором предлагается методическая система подготовки будущих учителей, включающая целевой, содержательный и технологический компоненты. Ядром данной системы выступает комплексная программа «Книжный калейдоскоп», основанная на сотрудничестве в триаде «Учитель-ребенок-родитель». Результаты исследования подтверждают эффективность предложенной модели в повышении профессиональной компетентности будущих специалистов.

**Ключевые слова:** читательская грамотность, подготовка будущих учителей, работа с семьей, методическая система, начальное образование, сотрудничество.

**Annotation.** This article examines the importance of interaction between school and family in enhancing the reading literacy of primary school students. The relevance of the study is based on the necessity of professional training for future educators to establish productive communication with parents and involve them in the educational process. The author proposes a methodological system for training future teachers, which includes objective, content, and technological components. The core of this system is the comprehensive program "Book Kaleidoscope," based on "teacher-child-parent" collaboration. The research results highlight the effectiveness of the proposed model in enhancing the professional competence of future specialists.

**Keywords:** reading literacy, pre-service teacher training, family engagement, methodological system, primary education, collaboration.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев “Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман” атты ұстаздардың республикалық Тамыз